



## Измир Шартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусым N 241

Измирде (Түркия) 1996 жылғы 14 қыркүйекте қол қойылған Измир Шарты бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

### Измир шарты

Афганистан Ислам Мемлекетінің, Әзірбайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Пакистан Ислам Республикасының, Тәжікстан Республикасының, Түрік Республикасының, Түркіменстанның және Өзбекстан Республикасының Үкіметтері:

Алғашында Измирде (Түркия) қаласында 1997 жылғы 12 наурызда Иран, Пакистан және Түркия қол қойған және 1990 жылы және 1992 жылы Экономикалық Үлгілік Ұйымының (ЭКО) Бас Жарғысы ретінде толықтырылған Измир Шартын назарға ала отырып;

Өз халықтары арасындағы терең тарихи және мәдени байланыстарды жете түсіне отырып;

Бейбітшілік пен тұрақтылық экономикалық ынтымақтастықтың қажетті алғы шарттары болып табылатынын мойындай отырып;

Мақсаттары мен принциптері барлық халықтар арасындағы жемісті ынтымақтастық үшін негіз құратын БҰҰ Жарғысына өз адалдығын тағы да растай отырып;

ЭКО-ға мүше елдердің әлеуметтік-экономикалық прогресін қамтамасыз етуге нық бел байлай отырып;

Экономикалық ынтымақтастық Ұйымын оның жаңа өскелең рөліне сай келтіруде батылдық көрсете отырып;

Өз елдерінің ортақ қажеттілігін есепке ала отырып және халықаралық аренада

болып жатқан әрі ЭКО-ға мүше-елдерге әсер ететін экономикалық және саяси өзгерістер шешімі тұрғысынан аймақтық экономикалық ынтымақтастықты жалғастыруда өздерінің табанды

позицияларын тағы да растай отырып;

Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының Жарғысы ретіндегі Измир Шарты ережелерін қайта қарауды шешті және осы мақсатта тағайындалып, өкілдіктермен алмасқан және олардың заңдылығына өздерінің көзі жеткен уәкілетті өкілдері Шарттың төмендегі баптары туралы келісті: -

## I - Бап

### Анықтамалар

Егер мәтінде басқаша көзделмеген болса, онда осы Шарттағы:

а) Сондай-ақ "ЭКО" деп те аталуы мүмкін Ұйым "Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымын" білдіреді.

б) "Мүше-елдер" Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымға мүше болып табылатын мемлекеттерді білдіреді.

в) "Бақылаушылар" Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы бақылаушы статусын беретін мемлекеттер мен ұйымдарды білдіреді.

г) "Диалог бойынша серіктестер" келісілген өзара мүдде өрісінде ЭКО-мен консультативті сипаттағы қарым-қатынасы бар мемлекеттер мен ұйымдарды білдіреді.

д) "ЭКО аймағы" мүше-елдер аумақтарын білдіреді.

е) "Шарт" Измир Шартын білдіреді.

ж) "Жоғарғы деңгейде кездесу" ЭКО-ға мүше-елдер мемлекеттер/үкіметтер басшыларын білдіреді.

з) "Министрлер Кеңесі" Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының Министрлер Кеңесін білдіреді.

и) "Тұрақты Өкілдер Кеңесі" Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының Тұрақты Өкілдер Кеңесін білдіреді.

к) "Аймақтық Жоспарлау Кеңесі" Экономикалық ынтымақтастық Ұйымының Аймақтық Жоспарлау Кеңесін білдіреді.

л) "Мамандандырылған мекемелер" мүше-елдердің шешімі бойынша мүше-елдер арасында ЭКО Хатшылығымен байланыса отырып әлеуметтік, мәдени, техникалық және ғылыми салаларда тығыз ынтымақтастықты қалыптастыру мақсатында жеке

заңды ұйымдар нысанында құрылған ЭКО-ның органдарын білдіреді.

м) "Аймақтық мекемелер" аймақ ішінде жеке бюджеті, заңды статусы және жеке басқарымы бар, қаржы және коммерциялық мүмкіндіктерді және ақша қаражатын жұмсауды қамтамасыз ету жолымен ЭКО аймағында экономикалық дамуға жәрдемдесу мақсатында құрылған ЭКО-ның экономикалық, коммерциялық және қаржы органдарын білдіреді.

н) "Штаб-пәтер" деп те аталуы мүмкін "Хатшылық" Тегранда

орналасқан Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының Хатшылығын білдіреді.

о) "Бас Хатшы" Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының Бас Хатшысын білдіреді.

п) "Болу елінің Елі/Үкіметі" Иран Ислам Республикасының мемлекетін/үкіметін білдіреді.

## II - Бап Міндеттері

### Ұйымның міндеттері:

а) үздіксіз әлеуметтік-экономикалық дамудың жағдайларын жасау және осының негізінде мүше-елдердің тіршілігі деңгейін және сапасын көтеру;

б) тәжірибе мен ғаламдық экономикалық бағыттарды ескере отырып, ЭКО аймағындағы сауда барьерлерін бірте-бірте жою бойынша шараларды қабылдау және ішкі - және аймақ аралық сауданы кеңейту;

в) мүше-елдерінің басты ұмтылысына сәйкес дүниежүзілік сауданың өсуіне ЭКО аймағының рөлін және қосар үлесін жандандыру мақсатында және дамушы елдер, атап айтқанда, ЭКО елдері саудасын қолайсыз жағдайларға әкеліп соқтыратын әділетсіз сауда саясатын болдырмау үшін халықаралық форумдарда істің бабын табудың ортақ жүйесін жасау жолымен экономикалық ынтымақтастықты кеңейту;

г) олардың ғаламдандыру процесіне барынша белсенді араласуын қамтамасыз ету үшін мүше-елдер экономикасының дүниежүзі экономикасына жүйелі және бірте-бірте енуі;

д) экономикалық, әлеуметтік, мәдени, техникалық және ғылыми салаларда белсенді аймақтық ынтымақтастықты және өзара көмекті қалыптастыру;

е) мүше-елдерді өзара және басқа елдермен байланыстыратын көлік және коммуникация инфрақұрылымының дамуын жеделдету;

ж) экономиканы ырықтандыру мен жекешелендіруге айрықша назар аудара отырып және жеке сектордың бірлескен кәсіпорындар мен инвестициялар нысанында аймақтық экономиканың дамуына қатысуын кеңейтуге ұмтыла отырып, мемлекеттік пен жеке секторлардың іс-әрекеттерін интеграциялауға жәрдемдесу;

з) ЭКО аймағындағы адам ресурстарын дамыту жөнінде бірлескен бағдарламаларды әзірлеу;

и) ЭКО аймағының табиғи, атап айтқанда, энергетика ресурстарын жұмылдыру және пайдалану;

к) ЭКО аймағының ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік әлеуетін тиімді пайдалану бойынша күш-жігерді жандандыру;

л) есірткі және психотроптық заттарды теріс пайдалануды жою бойынша аймақтық ынтымақтастықты дамыту;

м) қоршаған ортаны қорғау және экология проблемаларын шешу салаларындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу;

н) ЭКО-ның басқа да аймақтық және халықаралық ұйымдармен, сондай-ақ қаржы мекемелерімен өзара тиімді іс-әрекеттері мен ынтымақтастығын қалыптастыру;

о) ЭКО аймағының халықтары арасындағы тарихи және мәдени байланыстарды, сондай-ақ туризм саласында алмасуларды ары қарай нығайту болып табылады.

### III Бап

#### Ынтымақтастық принциптері

Осы Шарт шеңберіндегі аймақтық ынтымақтастық төмендегі принциптер мен саясатқа негізделеді:

а) осы Келісім шеңберінде өздерінің екі жақты және көпжақты міндеттемелеріне зиян келтірмейтіндей еріктілік рухында өз міндеттемелерін орындайтын мүше-елдердің егемендік тең құқықтылығы;

б) мүше-елдер дамуының ұлттық жоспарлары мен ЭКО-ның ең жақын және ұзақ мерзімді жоспарларын бір-біріне барынша ұштастыру;

в) ЭКО аймағының шегінен тыс рыноктарға мүше-елдердің шикізаты мен дайын өнімдерінің барынша еркін жетуін қамтамасыз етуде бірлескен күш-жігер жұмсау;

г) ЭКО-ның басқа аймақтық және халықаралық ұйымдарымен, соның ішінде көпжақты қаржы мекемелерімен келісілген институттарды, аймақтық келісімдерді және әріптестік келісушіліктерді тиімді пайдалану;

д) мүше-елдердің аймақтық және ғаламдық келісімдерге қатысын жандандыру мақсатында олардың келісілген істің мән-жайын әзірлеудегі бірлескен күш-жігерлері;

е) өзге аймақтық және халықаралық мекемелермен жасаған келісімдер мен келісушіліктерге тиісті назар аудара отырып, ЭКО аймағының іс жүзіндегі әлеуетін және ішкі ресурстарды, сондай-ақ мүше-елдердің экономикалық дамуындағы

айырмашылықтарды есепке ала отырып, істің байыбына қалыптасқан жағдаяттар мен бірте-бірте жақындауға негізделген стратегиясын өмірге енгізу бойынша мүше-елдер арасындағы ынтымақтастық;

ж) білім, ғылым, техника және мәдениет салаларындағы алмасулар.

#### IV - Бап

##### Мемлекет пен үкімет басшыларының кездесулері

Егер мүше-елдер қажет деп тапса, мүше-елдер мемлекеттері мен үкіметтерінің басшылары жылына бір рет немесе одан да жиірек кездеседі. Жоғарғы деңгейдегі кездесулерде ЭКО бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асырудың объективті шарттары мен барысы қаралады. Жоғарғы деңгейдегі кездесулер ЭКО аймағын толғандыратын аймақтық және ғаламдық проблемалар жөнінде пікір алмасулар үшін ең жоғары деңгейдегі форум қызметін атқарады.

#### V - Бап

##### ЭКО-ның ұйымдастыру құрылымы

Ұйымның басты органдары - Министрлер Кеңесі, Тұрақты Өкілдер Кеңесі, Аймақтық Жоспарлау Кеңесі, Хатшылық және ынтымақтастықтың нақты салаларында маманданған мекемелер болады. Аймақтық мекемелер мен уақытша комитеттер, сонымен бірге Министрлер Кеңесінің шешімімен құрылуы мүмкін.

#### VI - Бап

##### Министрлер Кеңесі

Министрлер Кеңесі ЭКО саясатын айқындайтын және шешімдер қабылдайтын басты орган болып табылады. Кеңес құрамына мүше-елдердің сыртқы істер министрлері немесе мүше-елдердің үкіметтері тағайындайтын министрлер дәрежесіндегі басқа да кез-келген өкілдер кіреді. Министрлер Кеңесі өз мәжілістерін кезекпен, жылына бірден кем емес мүше-елдер аумақтарында өткізеді. Мүше-елдердің өзара келісімімен Министрлер Кеңесі өзінің кезектен тыс мәжілістерін мүше-елдер

аумақтарында немесе басқа мемлекеттер аумақтарында өткізе алады. Қажет болған жағдайда, Министрлер Кеңесі өздері бақылайтын салалардағы жоспарлар мен жобаларды әзірлеу үшін салалық мәжілістер немесе министрлер деңгейіндегі бірлескен мәжілістер ұйымдастыру жолымен басқа да мүдделі министрліктерді тарта алады.

## VII - Бап Тұрақты Өкілдер Кеңесі

Тұрақты Өкілдер Кеңесі Министрлер Кеңесін өткізуден басқа кезеңді есептемегенде , Министрлер атынан және олардың тапсыруымен Ұйым саясатын жүзеге асыру үшін мүше-елдер шешімдерін және Министрлер Кеңесі шешімдерін орындауда тиісті шараларды талап ететін мәселелерді дайындайтын тұрақты іс атқарушы орган болып табылады. Оның құрамына ЭКО жанында тіркелген тұрақты өкілдер/елшілер кіреді. Тұрақты Өкілдер Кеңесі Министрлер Кеңесінде төрағалық ететін мүше-елдер өкілдері төрағалығымен бір айда бірден кем емес жүргізілетін мәжілістерін өткізеді.

## VIII - БАП Аймақтық жоспарлау Кеңесі

Аймақтық Жоспарлау Кеңесіне мүше-елдердің жоспарлы органдарының басшылары және/немесе осы елдер үкіметтері тағайындайтын тиісті өкілеттігі бар басқа да өкілдер кіреді. Аймақтық Жоспарлау Кеңесі жылына ең аз дегенде бір рет Ұйымның штаб-пәтерінде Министрлер Кеңесінде төрағалық ететін мүше-елдер өкілінің төрағалығымен өтетін жыл сайынғы мәжілістің алдында жиналады.

Аймақтық Жоспарлау Кеңесі Министрлер Кеңесіне бұрынғы іс-әрекет бағдарламалары мен қол жеткен нәтижелерді бағалауды қоса алғанда Ұйым міндеттерін жүзеге асыру жөнінде іс-қимыл бағдарламаларын талқылауға ұсынады. Аймақтық Жоспарлау Кеңесіне бұл міндеттерді орындауда Хатшылық көмектеседі. Кеңес Министрлер Кеңесіне аймақтық мекемелер немесе ынтымақтастықтың басым бағыттары бойынша уақытша комитеттер құруды ұсынуы мүмкін.

## IX - Бап Хатшылық

1. ЭКО Хатшылығы Бас Хатшыдан және Ұйымға қажетті қызметкерлерден тұрады. Хатшылық өзінің Теһрандағы штаб-пәтерінде Министрлер Кеңесі қолдаған және болу елінің сыртқы істер министрі мен Бас Хатшы қол қойған Иран Ислам Республикасының Үкіметі мен Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы арасындағы ЭКО Хатшылығының құқықтары, артықшылықтары мен иммунитеттері туралы

келісімнің ережелеріне сәйкес қызмет атқарады.

2. Бас Хатшыны ЭКО Хатшылығының Штаттық ережелеріне сай біліктілігі, тәжірибесі және кәсіптік шеберлігі ескеріле отырып, мүше-елдер ұсынатын кандидатуралар ішінен 3 (үш) жыл мерзімге екінші тағайындалудың алдын-ала отырып Министрлер Кеңесі сайлайды және тағайындайды. Ұйымның бірінші басқарушысы бола отырып, ол Министрлер Кеңесі алдында Ұйымның қызметі үшін толығымен жауап береді және оның елші рангісі мен статусы бар. Ол Кеңестің барлық мәжілістеріне қатысады және осы органдар жүктеуі мүмкін кез-келген басқа да функцияларды атқарады. Ол Министрлер Кеңесіне Ұйым жұмысы жөнінде жыл сайын есеп беріп отырады.

3. Қызметкерлер Штаттық ережелерде баяндалып, Министрлер Кеңесі әзірлеген процедураларға сәйкес тағайындалады. Барлық қызметкерлер халықаралық шенеуіктер болып есептеледі және Хатшылық бюджетінен Министрлер Кеңесі бекіткен жалақы және өтемақы шкалаларына сәйкес өз жалақысын және өтемақыларын алады.

4. Хатшылық рөлі ЭКО қызметін бастау, реттеу және мониторингін жүзеге асыру, сондай-ақ Ұйымның барлық шараларына қызмет көрсету болып табылады. Хатшылықтың функциялары мен құрылымы Министрлер Кеңесі бекітетін ЭКО Хатшылығының Штаттық ережелерімен реттеледі.

5. Хатшылықтың Бас Хатшысы мен Хатшылық қызметкерлері өз қызмет бабының міндеттерін атқару кезінде Ұйымнан тыс кез-келген мемлекет немесе үкімет нұсқаулықтарын орындау үшін алуға немесе қабылдауға тырыспайды. Олардың тек қана Ұйым алдында жауапты халықаралық шенеуіктер ретіндегі жағдайына әсер ететін кез-келген іс-қимылдан тартынады.

## Х- Бап

### Мамандандырылған ұйымдар мен аймақтық мекемелер

Мамандандырылған ұйымдар мен аймақтық мекемелер ынтымақтастықтың нақты салаларында құрылады. Ұйымдар санын, олардың сипаты мен міндеттерін Министрлер Кеңесі айқындауы мүмкін және қажет болған жағдайда қайта қаралуы мүмкін. Барлық мамандандырылған ұйымдар мен аймақтық мекемелер жыл сайын Министрлер кеңесіне өз жұмысы жөнінде есеп беріп отырады, сондай-ақ бұл жөнінде Ұйымның Бас Хатшысына хабарлайды.

## XI - Бап

### Қаржылау ережелері

Хатшылықтың орталықтандырылған бюджеті болады. Мүше-елдер үкіметтерінің жарналары туралы шешімді олардың төлем қабілетін және БҰҰ-ның жарналар есеп

айырысуындағы басым шкаласын ескере отырып, Министрлер Кеңесі енгізеді.

## XII - Бап

### Шешімдер қабылдаудың механизмі

1. Жаңа мүшелерді, бақылаушыларды немесе диалог жөнінде әріптестерді қабылдау бюджет, қаржы, Бас Хатшыны тағайындау, экономикалық стратегияны және іс-қимылдар жоспарларын қабылдау, сондай-ақ Шартқа және ЭКО-ның сыртқы байланыстарына түзетулер енгізу мәселелер сияқты өте маңызды мәселелер бойынша, сондай-ақ Министрлер Кеңесі Ұйым үшін өте маңызды деп есептейтін мәселелер жөнінде барлық шешімдер бірауыздан қабылданады.

2. Басқа мәселелер жөнінде шешімдер басқа мүшелер осы шешімнен қалыс қалған және/немесе осы шешімге қарсы болған жағдайда Ұйым мүшелерінің көптігіне орай қабылданады.

## XIII - Бап

### Мүшелік

1. Аймаққа географиялық жақындықта орналасқан және/немесе ЭКО міндеттері мен принциптерін бөлісетін кез-келген мемлекет Ұйым мүшелігіне қабылдау туралы өтініш бере алады. Бұндай мемлекет өз өтінішін жаңа мүшені қабылдау туралы шешімді қабылдай алатын ЭКО Министрлер Кеңесінің Бас Хатшысы арқылы бере алады.

2. Өтініш беруші мемлекет осы Шарттың ережелерін құрметтеуге және бұлжытпай орындауға міндеттенеді және өзіне одан шығатын міндеттерді қабылдайды. Өтініш қабылдағаннан кейін өтінуші-мемлекет өзінің конституциялық нормалары мен практикасына сәйкес Шартқа қосылады.

3. Бекіту грамотасының куәландырылған көшірмелері қалған мүше-елдерге және Хатшылыққа берілетін болу елінің - Иран Ислам Республикасының Үкіметіне барынша тез арада сақтау үшін тапсырылады.

4. Бекітуге дейін жаңа мүше-ел Министрлер Кеңесінің келісімімен толық құқықты мүшесі ретінде ЭКО барлық органдарының қызметіне қатыса және ЭКО бюджетіне сол елге бекітілген мөлшерде жарна төлей алады.

5. Кез-келген мүше-ел өзінің мүшеліктен шыққысы келетін ниеті жөнінде өз кезегінде бұл туралы қалған мүше-елдерге хабарлайтын Бас Хатшыға ресми мәлімдей отырып, кез-келген уақытта Ұйымға мүшеліктен шыға алады. Мүшеліктен шығу Бас Хатшы тиісті мәлімдеме алғаннан кейін және осы ел Ұйымға қатысты барлық қаржы міндеттерін орындаған соң күшіне енеді.

## XIV - Бап



## Жалпы ережелер

### Юрисдикциялық статус

1. Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының оған мүше-елдер аумағында юрисдикциялық статусы бар және осы Шартқа қоса беріліп отырған "Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымның (ЭКО), Мүше- Елдердің және Халықаралық Персоналдың юрисдикциялық статусы туралы Келісімде" келтірілген шарттарға сәйкес өз функцияларын орындауға және өз міндеттерін шешуге қажет көлемде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана алады.

### Ресми тіл

2. Ұйымның ресми тілі - ағылшын тілі болып табылады. Сонымен бірге ресми аударманы ауызша және жазбаша орыс тілінде қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданып жатыр.

### Процедуралар ережелері

3. Кез-келген деңгейдегі Ұйымның шаралары Министрлер Кеңесі бекітетін Процедуралар ережелеріне сәйкес өткізіледі.

### Сыртқы байланыстар

4. Ұйым басқа аймақтық немесе халықаралық ұйымдар, мемлекеттер және мекемелермен ынтымақтастық қатынастарын қалыптастыра алады. Аталған ынтымақтастықтың сипаты мен масштабтарын Министрлер Кеңесі бірауыздан айқындайды.

5. Ұйым диалог жөнінде басқа аймақтық немесе халықаралық ұйымдар,

мемлекеттер және мекемелерге бақылаушы немесе серіктес статусын бере алады. Осындай статустың сипаты мен масштабтарын Министрлер Кеңесі бірауыздан айқындайды.

## XV - Бап

### Түзетулер

1. Кез-келген мүше-елдің үкіметі Хатшылық арқылы Министрлер Кеңесіне осы Шартқа өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы ұсыныстар жасай алады.

2. Министрлер Кеңесі бекіткен соң кейінгі түзетулер мен өзгерістер мүше-елдердің үштен екісі олардың конституциялық нормалары мен практикаларына сәйкес өздерінің бекіту грамоталарын тапсырғаннан кейін күшіне енеді.

XVI - Бап  
Қорытынды ережелер

1. Осы Шартты олардың конституциялық нормалары мен практикасына сәйкес мүше-елдер бекітуі тиіс және сақтау үшін бекіту грамоталарының расталған көшірмелерін қалған мүше-елдер мен Хатшылыққа беретін Иран Ислам Республикасының Үкіметіне тапсырылады.

2. Осы Шарт мүше-елдердің үштен екісі Иран Ислам Республикасына

өздерінің бекіту грамоталарын тапсырғаннан кейін күшіне енеді.

3. Күшіне енгеннен кейін осы Шарт 1977 жылғы наурыздағы бастапқы Измир Шартының және 1990 мен 1992 жылдардағы Хаттамалардың орнына жүреді.

4. Осы Шарт ағылшын тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

5. Осыны растау үшін төменде қол қоюшы өкілетті өкілдер осы Шарттың соңында өз қолдарын қойды.

Измирде бір мың тоңғыз жүз тоқсан алтыншы жылғы \_\_\_\_\_ айының \_\_\_\_\_ күні жасалды.

Афганистан Ислам Мемлекеті үшін

Әзірбайжан Республикасы үшін

Иран Ислам Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Пакистан Ислам Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Түрік Республикасы үшін

Түркіменстан үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Оқығандар:  
Омарбекова А.  
Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ